

## **Талдықорған облыстық әкімшілігінің мемлекеттік резервтен пайдаланылған көмір үшін берешегін жою туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1995 жылғы 21 желтоқсандағы N 1827

Талдықорған облысы бюджетінің мемлекеттік материалдық резерв алдындағы берешегін жою қажеттігіне байланысты Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Талдықорған облысының әкіміне мемлекеттік материалдық резервтен пайдаланылған көмір үшін 92444 мың теңге сомасындағы берешекті, облыстық бюджеттің республикалық бюджеттен толық алмаған субвенция есебіне есептелуге рұқсат етілсін.

2. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік материалдық резервтер

жөніндегі комитеті 92444 мың/теңге сомасында Талдықорған әкімшілігіне босатылған ДР маркалы көмірін оны мемлекеттік резервке салу көлемін азайту есебіне есептен шығарсын.

Қазақстан Республикасы  
Премьер-Министрінің  
бірінші орынбасары